

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ «ТОБАНИЯЗ АТЫНДАҒЫ
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ
ТОБАНИЯЗА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МАНГИСТАУСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ № 91 – нқ

Ақшымырау ауылы

02.09.2025ж

Құқық бұзушылықтың алдын алу және зорлық-зомбылық кеңесін құру туралы

Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ – де жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылсын.
2. Кеңес құрамы төмендегідей болып белгіленсін
 1. А.Бекова – мектеп директорының м.а., төрайым
 2. А.Аманбаева – мектеп директорының ТЖО, мүше
 3. М.Құлыбеков – мектеп инспекторы, мүше
 4. Ж.Қонысбайқызы – мектеп психологы, мүше
 5. Н. Тенелбаева- ата-ана, мүше
 6. С.Тугелбаева - қосымша білім беру педагогы, мүше
 7. С.Бердәулетова - әлеуметтік педагог, мүше
3. Кеңес жоспарын жасақтап, іс-шаралар жасау, өткізу ДТЖО А.Аманбаеваға міндеттелсін.

Негізі: бала құқықтары туралы конвенция 28 – бабы.

Директордың м.а.



А.Бекова

Мектеп директоры ма.

«БЕКІТЕМІН»

А.Бекова

2025 ж.



**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша
Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің
2025-2026 оқу жылына арналған отырысының жұмыс жоспары**

Кеңес мақсаты: Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591-ІІ Заңын орындау. Кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дарыту. Алдын алу кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, ата-аналардың немесе оларды алмастыратын тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіреді.

Алдын алу кеңесі қызметінің міндеттері:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық проблемаларының жай-күйіне мониторинг жасау;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүйені құру және жұмысты ұйымдастыру;
- кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуына, олардың қылмыс, құқық бұзушылық, қоғамға жат іс-әрекеттер жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;
- әлеуметтік қауіпті жағдайдағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-педагогикалық оңалту;
- кәмелетке толмағандарды қылмыстық немесе қоғамға қарсы әрекетке тарту жағдайларын анықтау және жолын кесу.

Айы:	Тақырып:	Жауаптылар:
Қыркүйек	Алдын алу кеңесі құрамын бекіту №1 отырыс 1. Алдын алу кеңесінің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу 2. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту	Мектеп директоры директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Сынып жетекшілер Мектеп инспекторы
Қазан	№2 отырыс 1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілген профилактикалық әңгімелесулер туралы есеп. 2. Мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпақ" еріктілер мектеп клубының қызметі туралы таныстыру	Әлеуметтік педагог Педагог-психолог директордың ТІЖО жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы

Қараша	<p>№3 отырыс</p> <p>1. 5- сынып оқушыларының оқу іс- әрекетін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерттеу туралы ақпарат.</p> <p>2. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар туралы ақпарат.</p>	<p>әлеуметтік педагог</p> <p>5-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Желтоқсан	<p>№4 отырыс</p> <p>1. 1-2-сыныптардың оқу қызметін ұйымдастыру бойынша үй жағдайларын зерделеу туралы ақпарат.</p> <p>2. 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау.</p>	<p>1-2-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>әлеуметтік педагог, педагог- психолог, директордың ТЖО жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Қаңтар	<p>№5 отырыс</p> <p>1. Профилактикалық есепке алудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жүргізілетін жеке түзету жұмыстары туралы Педагог-психологтың ақпараты.</p> <p>2. 10-11 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат. Оқушылардың психологиялық жағдайының апта сайынғы мониторингі туралы есеп.</p>	<p>10-11 сынып жетекшілері</p> <p>әлеуметтік педагог, педагог- психолог, директордың ТЖО жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Ақпан	<p>№6 отырыс</p> <p>1.9-11 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, оқушылардың психологиялық жағдайының ай сайынғы мониторингі туралы есеп.</p>	<p>9-11-сыныптың сынып жетекшілері, директордың ТЖО жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>
Наурыз	<p>№7 отырыс</p> <p>1. 6 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.</p> <p>2. 8 сыныптардағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы. отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыс жүргізу.</p>	<p>6-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>8-сыныптың сынып жетекшілері</p> <p>клуб жетекшісі</p> <p>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары</p>
Сәуір	<p>№ 8 отырыс</p> <p>1.5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қауымдастықтардың мониторингін талдау.</p>	<p>директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы</p>

2. Мектеп оқушыларының құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізу

Мамыр

№9 отырыс

2. Оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы әңгімелесу.

3. Алдын алу Кеңесінің 2025-2026 оқу жылындағы қызметіне талдау.

ДТЖО

педагог-психолог,
сынып жетекшілер,
мектеп инспекторы
әлеуметтік педагог

ХАТТАМА №1

Алдын алу кеңесінің отырысы

Өткізілген күні: 19.09.2025 жыл

Өткізілген орны: АКТ зал

Қатысқандар: 83

Күн тәртібі:

1. Алдын алу кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу.
2. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарымен таныстыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Алдын алу кеңесінің төрайымы Аманбаева Алия 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, тәрбие жұмыстарының жүйелі жүргізілуі және ата-аналармен бірлескен іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

2-мәселе бойынша:

Мектеп инспекторы Серікұлы Нұржан мектеп пен құқық қорғау органдары арасындағы 2025–2026 оқу жылына арналған бірлескен жұмыс жоспарымен таныстырды. Жоспарда профилактикалық әңгімелер, түсіндіру жұмыстары, рейдтік іс-шаралар және құқықтық сауаттылықты арттыру бағыттары көрсетілді.

Қаулы етті:

1. Алдын алу кеңесінің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары назарға алынсын және жоспарлы түрде іске асырылсын.
3. Сынып жетекшілеріне, әлеуметтік педагог пен педагог-психологқа жоспарға сәйкес жұмыстарды уақытылы орындау тапсырылсын.

Алдын алу кеңесінің төрайымы:  А.Аманбаева

Хатшы:  А. Асылбекова